

**2014 жылға Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № А-4/647 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде № 4128 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № А-11/1923 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 10.11.2015 № А-11/1923 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Көкшетау қаласында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) елу жастан жоғары тұлғалар;
- 3) техникалық және кәсіптік білім ұйымдарын бітірушілер;
- 4) ұзақ уақыт бойы (алты айдан астам) жұмыс істемейтін тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары **А.Б.Әміреноваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ж.Жұмағұлов*